

## "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 5 сәуірдегі N 43-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 24 сәуірде N 7-1-67 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 12 наурыздағы N 27-12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2010.03.12 N 27-12 Шешімімен.**

**Ескерту. Атауга өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008.09.29 N 11-19 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы, 1-тармағының 15-тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 -бабының 2-тармағына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағида" N 1 қосымшаға **сәйкес** **бекітілсін**.

**Ескерту. 1 тармақта өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008.09.29 N 11-19 Шешімімен.**

2. Орал қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші N 2 қосымшаға **сәйкес** **жойылды** **деп** **тапсын**.

3. Осы шешім Орал қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен, 4-тармақ, "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданың" N 1 қосымшасының, 2007 жылғы 1 сәуірден күшіне енеді.

**Ескерту. 3 тармақта өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2007.07.16 N 47-9 Шешімімен.**

**Орал қалалық мәслихатының кезектен**  
**тыс 43-сессиясының төраймы**

**Орал қалалық мәслихатының хатшысы**

Орал қалалық мәслихатының  
2007 жылғы 5 сәуірдегі  
N 43-6 шешіміне N 1 қосымша

**Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген  
отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй  
жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы  
Қағида**

**1. Тұрғын үй көмегі**

1. Тұрғын үй көмегі – заңмен белгіленген тәртіпте танылған тұрмысы төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын жайдың меншік нысанына, арнайы мемлекеттік жәрдемақы тұрлеріне, сондай-ақ әлеуметтік қорғаудың басқа да тұрлеріне қарамай берілетін тұрғын жай ұстau және коммуналдық қызмет ақысын төлеу шығындарын өтеуге арналған өтемақы.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2009.03.31 N 15-11 Шешімімен.**

2. Тұрғын үй көмегі Орал қаласы аумағында тұрақты тұратын тұрғын жай иелеріне немесе меншігінде тұрғын жайы жоқ жалдаушы Қазақстан Республикасының азаматтарына және бір мемлекеттің азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы шартына қосылған, басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекет азаматтарына тағайындалады.

**Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттының 2007.07.16 N 47-9 Шешімімен.**

3. Тұрғын үйді қүтіп ұстau және коммуналдық қызметті пайдалану ақысын төлеудің шекті шығын көлемі отбасының жиынтық табысынан 20%, ал жалғызбасты және ерлі-зайыпты жұптар, зейнеткерлер, мүгедектер үшін ауыру себебіне қарамастан және оларды қүтетін азаматтарға, тұл жетім балалар, ата-анасыз қалған балалармен бірге тұратын қамқоршылар күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан аспайтын шекте, кәмелетке толмаған балалармен бірге тұратын немесе үш жасқа толмаған баланы тәрбиелеп отырған баласымен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы жиырма үш жастан аспайтын күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын тұлғалармен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы 50-ден асқан жұмыссыз әйелдер, жасы 55-тен асқан жұмыссыз ерлер үшін 10% көлемінде белгіленеді.

**Ескерту. 3 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2009.10.08 N 21-11 Шешімімен.**

**4. алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттының 2008.07.02 N 9 - 15 Шешімімен.**

5. Тұрғын үй көмегінің көлемі тұрғын жай иесінің (жалдаушы) өтемақы төлеу шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шенберінде тұрғын жай ұстau және коммуналдық қызметтерді тұтыну үшін төлейтін нақты төлемақы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсай алатын ең жоғары шығын деңгейі арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

6. Тұрғын жай ұстau және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысы сомасының құрамына мыналар енеді: пайдалану шығындары, су, канализациямен қамтамасыз ету, газ, электр, су, жылумен қамтамасыз ету, қоқыс шығару, лифт пайдалану және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақыны ұлғайту бөлігіндегі байланыс қызметі.

7. Азаматтардың келесі санаттары үшін тұрғын жай алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен белгіленген пайдаланып отырған бір тұрғын жай бірлігі көлемінде, бірақ 64 шаршы метрден аспайтын болып белгіленсін: зейнеткерлер, қос мүгедектері мен қатысуышылары, жалпы ауру бойынша мүгедектер және оларды күтетін азаматтар, тұл жетім балалар, ата-анасыз қалған балалармен бірге тұратын қорғаншылар және басқа санаттағы азаматтар үшін тұрғын жай алаңының нормасы шегінде белгіленсін.

8. Тұтынушы жылу энергиясын тұрғын жайдың 1 шаршы метрін жылумен қамтудың өзіндік құны табиғи монополиялар субъектілері үшін белгіленген тарифтерден жоғары жылу көздерінен алатын болса, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің тұрғын үй жәрдемақысы бөлімі өзінің есеп шотына түскен есептерге сәйкес қамтамасыз етуші мекемеге айырманы төлеуді.

9. Тұрғын үй көмегі Орал қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы тұрғын үй көмегі бөлімімен ұсынылады.

10. Жеке меншігінде бір тұрғын жай бірлігінен артық тұрғын жайы немесе тұрғын жайын жалға немесе жартылай жалға берген тұлға тұрғын жай жәрдемақысын алу құқығынан айырылады.

Күтімге мұқтаж деп танылған тұлғаларды күтіп отырған немесе 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған, күтімге мұқтаж мүгедектерді күтетін тұлға, туберкулезben ауратын азаматтарға, уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөнінде дәрігерлік-кеңестік комиссияның қорытындысы бар, психикалық денсаулық орталығында есепте тұрған тұлғаларды қоспағанда, еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, әскери қызмет атқармайтын, жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшесі бар отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқығы жоқ.

Жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғаларға тұрғын үй көмегі жұмыссыз статусы берілген айдан бастап тағайындалады.

11. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем тұрінде белгіленеді және тұрғын жай

меншіктенушіге немесе пайдаланушыға тұрғын жай ұстай және коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін есептелген сомамен салыстырғанда төлемақының азауы ретінде аударым арқылы ұсынылады және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының есеп шоттарына аударылады (жеке есеп шотқа сәйкес белгіленген нысандада).

Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын жай ұстай және коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін белгіленген нормаларға сәйкес есептелген нақты төлемақы сомасынан аспауды тиіс.

12. Тұрғын үй көмегі Қазақстан Ұлттық банкісінің келісімімен қаржы министрлігі тізімін бекіткен екінші дәрежелі банктер арқылы, жергілікті бюджеттен осы мақсаттарға қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне бөлінген қаржы есебінен азаматтардың салық шоттарына аудару жолымен төленетін болып белгіленсін.

Тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі мен шарттары тұрғын үй жәрдемақысы бөлімі, тиісті банктер және алушы арасында жасалған үшжақты келісіммен белгіленеді.

13. Тұрғын үй көмегі жарты жылдық бойына алты ай мерзімге тағайындалады.

Тұрғын үй көмегі жартыжылдық сайын тоқсандарға бөле отырып тағайындалады. Бірінші жартыжылдықта I тоқсан жылу беру мерзімі, II тоқсан жазғы мерзім, екінші жартыжылдықта III тоқсан - жазғы мерзім, IV тоқсан - жылу беру мерзімі. Жаңа мерзімге көмек алғашқы процедураға сәйкес рәсімделеді.

Отбасының тұрғын жай ұстай және коммуналдық қызметтерді пайдалануға жұмсай алатын шығын деңгейі, отбасының табыс мөлшері, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулдердің тарифтері өзгерген жағдайда тұрғын үй көмегі бөлімі уақытында есептелмеген табысын бұрын тағайындалған көмекті қайта есептейді.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындау барысында туындейтын барлық даулы немесе қалыптан тыс жағдайлар қолданыстағы заңнамаларға сәйкес шешіледі.

15. Тұрғын үй көмегін алушылар тұрғын үй көмегін тағайындауға қатысы бар қандай да болмасын өзгерістер жөнінде 10 қүн мерзім ішінде (отбасы құрамы, бюджеті, жылжымайтын мүлік алуы және пәтер жалдаушылар жіберуі т.б.), сондай-ақ көмекті қате есептеу жайттары жөнінде Орал қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы тұрғын үй көмегі бөліміне хабарлауға міндettі. Орал қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы тұрғын үй көмегі бөліміне қасақана қате мәліметтер бергендігі салдарынан заңсыз көмек тағайындалып, тағайындалған көмек деңгейі заңсыз көтермеленген болса, меншік иесі (жалдаушы) тұрғын жай

көмегін алу құқығынан бір жыл мерзімге айырылады, ал заңсыз түрде алынған тұрғын жай көмегі түріндегі сомалар ерікті түрде, бас тартқан жағдайда - сот тәртібімен қайтаратылуы тиіс.

**Ескерту. 15 тармақта өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008.09.29 N 11-19 Шешімімен.**

## 2. Тұрғын үй көмегін есептеу

16. Тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі шешім тұрғын жай иесінің (жалдаушы) арызы мен оған тіркелген құжаттары: тұрғын жай иесімен (жалдаушымен) бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің жеке куәлігінің (төлкүжат) көшірмелері, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, тұрғын жайға құқық беретін құжаттардың көшірмесі (жекешелендіру, сыйға тарту, сатып алу-сату немесе жалдау шартты (аренда) және т.б.), техникалық төлкүжат, уәкілдік органнан жылжымайтын мүліктің бары немесе болмауы жөнінде анықтама (жылына 1 рет), мүгедек күтімінің занылығын куәланыратын құжат, мүгедекке берілетін медициналық-элеуметтік сараптама комиссиясының сараптама қорытындысы, алдыңғы арыз беру мерзіміне сәйкес отбасының өткен тоқсанға табыстары жөнінде мәлімет (жинақ кітапшасы немесе зейнетақы мөлшері жөнінде анықтама, жалақы, алимент, шәкіртқы, жәрдемақы, өтемақы туралы анықтамалары) және тұрғын жай ұстай, коммуналдық қызмет және байланыс қызметі (алдыңғы жартыжылдыққа) ақысын төлеу бойынша төлем құжаттарының (тубіртектер мен кітапшалар) түпнұсқалары, жалғызбасты тұратындарға жолдасының (зайыбы) неке бұзылғаны туралы куәлік немесе қайтыс болу туралы куәлік, жалғызбасты аналарға азаматтық хал актілерін жазу бөлімінен N 4 үлгідегі анықтама, әке болуды анықтау туралы куәлігі, жұмыссыз азаматтардың анықтама және еңбек қызметін растайтын құжаттары (жұмыссыздар үшін).

Сонымен қатар, тұрғын үй көмегін алушылардың жеке істеріне Қазақстан Республикасы заңнамаларында тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда, төлем құжаттары тіркелмейді.

Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға отбасының жиынтық табысын есептеу барысында өтініш білдірген кездегі отбасы құрамының табысы ескеріледі.

Отбасының орташа жиынтық табысы өтініш білдіргенге дейінгі мерзімге отбасының жиынтық табысын айлар санына бөлу арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 16 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2009.03.31 N 15-11 Шешімімен.**

17. Ұсынылған құжаттарды қарau нәтижесі бойынша отбасына шарт және тұрғын үйді құтіп ұстай және коммуналдық қызметті пайдалану шығындары жөнінде мәлімет жасалады. Мәліметтерде көмек тағайындау есебі көрсетіледі.

Шарттың бір данасы тұрғын жайдың меншік иесінде (жалдаушыда) сақталады.

Шарт тұрғын үй көмегін беруге негіз болып табылады.

18. Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына күмәнданған жағдайда, тұрғын үй көмегін тағайындастын Орал қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы тұрғын үй көмегі бөлімінің қызметкери, отбасының табыстары жөнінде қосымша ақпарат сұратуға, сонымен қатар қажет болған жағдайда арыз иесінің материалдық-тұрмыстық жағдайына акт жасауға (пәтерін жалға бергендігін және т.б.) және басқа да материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқылыш.

**Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008.09.29 N 11-19 Шешімімен.**

19. Отбасының бюджетіне (табыстары) кәсіпкерлік қызметтен алғын отбасының барлық мүшелерінің: енбекақы түрінде алғын табыстары, мүліктік табысы, мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақысы мен басқа да әлеуметтік көмек тұрларі (жәрдемақы, өтемақы), балалар мен асырауындағы басқа тұлғаларға алынатын алименттер, ақшалай және заттай түрінде алынған ұтыстар, бала тууға берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы мен жерлеуге берілетін біржолғы жәрдемақыны қоспағанда отбасының барлық мүшелерінің нақты енбекақы түріне алғын, жеке қосалқы шаруашылығынан түскен табыстары енеді.

20. Алушының көмек сомасы төлем органының кінәсінен дер кезінде есептелмеген жағдайда, қолданыстағы заңнамага сәйкес төленеді.

3. Тұрғын үй жәрдемақысын қаржыландыру көзі

21. Барлық меншік нысанындағы тұрғын үйлердің тұрғындарына тұрғын үй көмегін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

22. Жыл сайын қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін тұрғын үй көмегін қаржыландыруға бюджеттік сұраным дайындалып, Орал қалалық мәслихатының сессиясында бекітіледі. Қалалық қаржы бөлімі ақшалай қаржыны ай сайын қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне аударады. Тұрғын үй жәрдемақысы бөлімі ай сайын тағайындалған және төленген сома жөнінде мәліметті назарға алу үшін қалалық қаржы бөліміне ұсынып отырады.

23. Қалалық қаржы бөлімі жылына кемінде бір рет алғашқы құжаттар бойынша тұрғын үй көмегіне бюджеттік қаржының жұмсалуының дұрыстығын тексеруге және оны өткізуудің нәтижелері туралы қалалық мәслихатқа хабарлауы қажет.

**Ескерту. 23 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2009.10.08 N 21-11 Шешімімен.**

24. Қате ресімделген құжаттар бойынша тұрғын үй көмегі заңсыз

тағайындалған жағдайда кінәлі лауазым иелері заң тәртібі бойынша жауапқа тартылады.

Орал

қалалық

мәслихатының

2007

жылғы

5

сөүірдегі

N 43-6 шешіміне N 2 қосымша

## **Орал қалалық мәслихатының кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі**

1. Орал қалалық мәслихатының 2002 жылғы 28 қаңтардағы "Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын жай ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 24-13 шешімі (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1407 нөмірмен тіркелген, 2002 жылғы 18 сәуірдегі "Жайық үні" газетінің N 16 жарияланған).

2. Орал қалалық мәслихатының 2002 жылғы 19 қазандағы "2002 жылғы 28 қаңтардағы N 24-13 "Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын жай ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 33-2 шешімі (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1815 нөмірмен тіркелген, 2002 жылғы 7 қарашада "Жайық үні" газетінің N 45 жарияланған).

3. Орал қалалық мәслихатының 2002 жылғы 28 қарашадағы "2002 жылғы 28 қаңтардағы N 24-13 " Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын жай ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 34-4 шешімі (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1882 нөмірмен тіркелген, 2002 жылғы 26 желтоқсандағы "Жайық үні" газетінің N 52 жарияланған).

4. Орал қалалық мәслихатының 2003 жылғы 27 наурыздағы "2002 жылғы 28 қаңтардағы N 24-13 "Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын жай ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 38-9 шешімі (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2063 нөмірмен тіркелген, 2003 жылғы 17 сәуірдегі "Жайық үні" газетінің N 16 жарияланған).

5. Орал қалалық мәслихатының 2004 жылғы 29 қаңтардағы "2002 жылғы 28 қаңтардағы N 24-13 "Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын жай ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 6-3 шешімі (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2509 нөмірмен тіркелген, 2004 жылғы 4 наурыздағы "Жайық үні" газетінің N 10 жарияланған).

6. Орал қалалық мәслихатының 2004 жылғы 21 қазандағы "2002 жылғы 28 қаңтардағы N 24-13 "Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын жай ұстauғa және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұrғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 12-9 шешімін (нормативtік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2790 нөмірмен тіркелген, 2004 жылғы 18 қарашадағы "Жайық үні" газетінің N 47 жарияланған).

7. Орал қалалық мәслихатының 2005 жылғы 10 тамыздағы "2002 жылғы 28 қаңтардағы N 24-13 " Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұrғын жай ұstauғa және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұrғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 25-8 шешімі (нормативtіk-құқықтық актілерді мемлекеттік тіrкеу тіzілімінде 7-1-14 нөмірмен тіrкелген, 2005 жылғы 25 тамызда "Жайық үні" газетінің N 34 жарияланған).

8. Орал қалалық мәслихатының 2006 жылғы 27 ақпандағы "2002 жылғы 28 қаңтардағы N 24-13 "Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұrғын жай ұstauғa және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұrғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 30-17 шешімі (нормативtіk-құқықтық актілерді мемлекеттік тіrкеу тіzілімінде 7-1-36 нөмірмен тіrкелген, 2006 жылғы 30 наурыздағы "Жайық үні" газетінің N 13 жарияланған).

9. Орал қалалық мәслихатының 2006 жылғы 12 қазандағы "2002 жылғы 28 қаңтардағы N 24-13 "Нашар қамтамасыз етілген азаматтарға тұrғын жай ұstauғa және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге тұrғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен көлемі туралы" N 37-14 шешімі (нормативtіk-құқықтық актілерді мемлекеттік тіrкеу тіzілімінде 7-1-52 нөмірмен тіrкелген, 2006 жылғы 2 қарашада "Жайық үні" газетінің N 44 жарияланған).